

Л 2005  
6167к

АСҚАР НАЙМАНТАЕВ

# ТЭРИС КИТАП







АСҚАР НАЙМАНТАЕВ



Алматы, 2004


ЭП.512.122-7  
ББК 84 Қаз 7-6  
Н 18

Н 18 Теріс кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 172-бет. + 4-бет жапсырма.

**ISBN 9965-699-24-0**

Белгілі актер Асқар Наймантаевтың бұл кітабына “Тамаша”, “Бауыржан шоу”, “Терісқақпай” театрларының репертуарына еніп, сахнадан көрерменнің көңілінен шыққан интермедиялары, монологтар скетчтері жинақталған.

Кез келген театрдың репертуарынан орын алатын бұл әзілдер көпшілік оқырманға арналған. Танымал өртістерді көзге елестете отырып, езу тартатын боласыздар.



Н  $\frac{4702250203}{00(05) - 04}$

**ББК 84 Қаз 7-6**

**ISBN 9965-699-24-0**

© Наймантаев А., 2004  
© Дайк-Пресс, 2004

## БӘЛЕЛІ ЖЕРГЕ БАС СҰҚПА!

Қатынасушылар: *Еркек пен Әйел*

– Бойдақ болсаң осы!!! Ісің ілгерілемей, балағыңа сүрініп жүргенің! Бір күні қалтаң тесіледі, оны жамасаң – түймең түседі, оны қадасаң – жағаң кірлейді, оны жусаң – қазандағы тамағың күйеді, қазанға жүгірсең – үтігің өртеніп кетеді! Үйленбесе болмас! Үйлену керек.

Өртеніп кеткір өкіметтің жұмысынан кешіксем келмесе кететіндей асығып, үтікті күйдіріп алдым. Енді көршіден үтік сұрауға тура келді. (Есіктің қоңырауын басады). Бұл да бір түске дейін төсегін төркініндей пайдаланатын керілген келіншек еді. Тезірек ұйқыдан тұрып есік ашса екен (тағы да қоңырау соғады). Бұл да бір бойдақ өзі. Өзі әдемілеу. Қазір есігін ашса “Қайырлы таң!” – деймін. Ол маған күлімсірейді. Сосын: “Мазаңызды алғаным үшін кешіріңіз, үтігіңізді бере тұрмас па екенсіз?” – деп сызыламын. Ол езуін екі жаққа керіп: “Кірініз” – дейді. Мен үйіне кірем. Ол бөксесін бұлтылдатып менің алдыма түседі. “Үтік қайда екен!” – деп, өтірік ойланып тұрып: “кофеге қалайсыз?” – дейді. Әдемі әйелдің сұрауына “жоқ” деп айта алмайтын әдетім бар, мен келісемін. Кофе ішіп отырғанда мелшиіп отырған жарамайды, сондықтан ернің жыбырлап әлденені айтып отыруы керек. Мұндайда әйелдің көңіліне қонатын әңгіме айтқан дұрыс. Сондықтан мен “Сіз көрікті, әдемісіз. Осындай көркіне көз тоятын келіншектің жалғыз тұруы көңілге қонбайды”, – деймін. Көріктінің жалғыз тұруының жай-жапсарын жаймен баяндай бастайды. Тағдырдың тауқыметін айтады, біраз еркектің өзін алдап кеткенін айтады. Көзінен бір-екі қасық су шығарады. Мен содан кейін оны аяп кетем. Құшақтап басу айтам. Сол сәтте ол “коньяк ішесіз бе?” деп жауабын күтпестен әкеліп қоя қояды. Екі ұрттам коньяктан кейін қоллам кәңгірлеп, көзім күлімдеп, жүрегім жұлқынып, ернім еркіме бағынбай кетеді. Келіншекке бір-екі жылы сөз айтып, құшағыма тартқан соң, ернім еркін действияға көшеді. Иіскеу деп аталатын мұрынның разведкасынан соң, ерін барып ерінге жабысады. Ерін ерінге жабысқан соң-ақ көп ұзамай басқа дене мүшелері бір-бірімен танысып шығады.

Болар іс болып бояуы сіңген соң семья боламыз. Мына пәтерлерді ауыстыруымыз керек. Ол бір азап, енді оның бәріне өзім жүгірем. Бұл аяғым ауыр деп аттап баспай қояды. Өліп-талып жүріп үйді ауыстырамыз. Кең үйге көшіп кіргенде балалы боламыз. Нағыз азап сонда басталады. Таң атпай тұрып сүтке бару керек. Оның бала бағудан қолы тимей қалады. Кірді де өзім жуып, тамақты да өзім жасайтын кездер болады. Ол бала біраз өскен соң бала бақшаға сүйреу керек. Ол да менің мойнымда. Көзді тырнап аша сала бақшаға бару керек. Жұмыстан қайтқанда оны алып қайту керек. Жұмыстан қайтқанда үйге құр қол келуге болмайды. Базарға, дүкенге кіріп тамақ ала келу керек. Себебі үйде тағы да бір-екі баламен әйелім күтіп отырады. Бір бала тауып тыныш отыратын әйел емес бұл. Бір-екі баладан соң мінезі де өзгереді. Баяғы кофе, коньяк деп көлгірсіген келіншек енді диктофонға айналады. “Ақша қайда? Қас қарайғанша қайда жүрдің?” — деп, ақша алған күні қалта, носки, ішкіімдеріне дейін түк қоймай тінтіп: “Жарымаған сорлы, сенің мизерный айлығыңа қарап өлетін болдык, — деп, еденді жуа сал, күл-қоқысты шығара сал, тартпада тұрған ақшаны алып нан әкел! — деп, басқа жұрттың қатынынан қай жерім кем? Солар кигенді неге кимеске, солар ішкенді неге ішпеске! Ол үшін ақша керек! Ақша! Жарымаған-жалшымаған қайыршы ақша тап! Тап деген соң тап!” Жігерің құм болады. Мұндай жалмауызды қайдан жолықтырдым деп аһ ұрасың! Күнің тозақ, түнің азап болады! (Ашудан қалшыдап тұр).

(Осы кезде әйел есік ашады).

*Әйел:* Қайырлы таң көрші.

*Еркек:* Кет! Кет! Үтігіңмен қоса құры!

*Әйел:* Не боп қалды?

*Еркек:* Анаң қара! Не боп қалды? Кірмеймін үйіңе!

*Әйел:* Кірмей-ақ қойыңыз? (Әйел түк түсінбей тұр).

*Еркек:* Кофенді де ішпеймін! Білем не үшін кофе бергелі отырғаныңды.

*Әйел:* Кофе?

*Еркек:* Кофеден соң көкелеп, содан кейін бөпелеп, мені мұрнымнан тесіп жетелеп алғың келеді ғой. Таң атпай тұрып балаға сүт әкелуім керек екен ғой. Кірді де өзім

жуам, тамақты да өзім пісірем. Сенің бала бағудан қолың босамайды екен ғой! Еше маған коньяк ішіңіз дейді.

*Әйел:* Коньяк? Қашан? Сізге не болды?

*Еркек:* Саған не болды? Бір бала тауып қоя салсаң көштен қалып қоямын дедің бе? Бақандай бес бала таба-сың сен! Оны бала бақшаға апару керек. Білесің бе қазір бала бақшаға қанша ақша керек екенін?

*Әйел:* Сізге не керек?

*Еркек:* Саған не керек? Неге қалтамды тінтисің? А? Еше еден жуам, күл-қоқысты шығарам, тартпадан ақша алып нан әкелем! Сонда да жақпаймын! Жарымаған-жалшымаған, қайыршы деп күн көрсетпейсің!

*Әйел:* Тартыңыз тіліңізді! Ішіп алғансыз ба?

*Еркек:* Сен ғой мені ішкізген. Сенің дертіңнен ішіп кеттім! Ақша жоқ, ақша жетпейді, мизерный айлығыңа қарап өлетін болдық деп жүндей түттің ғой!

*Әйел:* Есалаң! Есуас!

*Еркек:* Алмаймын мен сені!

*Әйел:* Саған тиемін деп тұрған мен жоқ! Ненормаль-ный! Дурак! (Әйел есікті тарс жауып кетеді).

*Еркек:* Көрдіндер ме әне! Шатынап тұр. Бәлелі жерге бас сұқпа деген. Ойпырмай, құдай қақты-ау! Үтік сұрамағаным қандай абырой болды. Үтік сұрасам ғой бұл маған “Үйге кіріңіз” дейтін еді. Мен кіремін. Сосын ол...

*(Еркек жайлап әңгімесін айтып кете береді).*

## “ӘКЕНДІ ӨЛТІРЕТІН ӘҢГІМЕ”

Қатынасусшылар:

1. Түшкірік
2. ЫҚЫЛЫҚ

— О, Түшкірік, не болды?

— ... Әкем ...

— Астапыралла! Иә?

— ... Қайтыс болып...

— Иманы жолдас болсын, жатқан жері жайлы болсын, өумин!



- Қайран әкем...
- Ауырушы ма еді?
- Сап-сау! Аяқ асты... Балконнан құлап...
- Ту-у-ух! Обал-ай!
- Бесінші этаждың балконынан құлап...
- Бесінші этаж?! Шашылып қалған шығар?
- Аяғымен дік ете түсті де, ... түк болмағандай жүріп кетті.
- Тірідей ме?
- Тірі. Одан тірі қалды... Кейін трамвай қағып кетті ғой...
- Ту-у, бейшара... Турап кеткен шығар трамвай...
- Трамвай өртеніп кетті. Жедел жәрдем келіп әкемді әр жерден жинап алып кетті ғой...
- Сабыр... сабыр... қалған жасын өзіңе берсін...
- Дәрігерлер... айналып кетейін, абзал жандар ғой... Әкемді аман алып қалды ғой...
- ? ! Ө-ө-өлмеді ме? Сонда... тірі ме?
- Ақ халатты абзал жандар жасасын!!! Ауруханадан шығып келе жатқанда... 600-ый мерседес... қағып, ... әкем... он бес метрге ұшып кетті.
- Осы жолы өлген шығар! Әкелері әлпештеген балалар мерседесті айдауды білмейді.
- Өлген жоқ.
- А? Оу, он бес метрге ұшып кетті ғой енді...
- Тұра салып жүгіре жөнелді...
- Ойбай-ау, әкеңді мерседес қақты ғой!
- Ол танкі емес қой енді...
- Танкіден жаман ол! Ол “600-і мерс!”. Оның рөлінде бір дөкейдің дүбәрә, нашақор еркесі ерігіп отыр. Ол мерседеспен басып өлтірмесе, қуып жетіп ұрып өлтіреді. Оларға сот жоқ. Есуас деген спрәвкесі бар олардың.
- Одан ары! Әкеме түк болған жоқ. Мерседесің қашып кетті.
- Содан? Әкең неден өлді?
- Содан... менің әкем, ... менің сорлы әкем, ... байгүс әкемнің басына телевизор түсіп кетті...
- Те... те... телевизор? Қайда түсті?
- Аспаннан...

- Аспаннан?
- Білмеймін... Біреу 9-шы ма, әлде 10-шы қабаттан ба ескі телевизорын лақтырып жіберіпті, сол тура менің әкемнің төбесіне түсті...
- И-и-и, сорлы-ай! Миы шашылып кеткен шығар?
- Телевизордың талқаны шығыпты... Бейшара әкем бес минут талып жатты да... тұрып кетті.
- ? ... А-? Әй, өлді десеңші!
- Өлмеген адамды қалай өлді деймін?!
- Оу, төбесінен телевизор түсті ғой енді. Төбеңнен телевизор емес, төпішкемен тоқ еткізсе жаның шығып кете жаздайды. Өлді ғой әкең! Өлді деші?
- Өлген жоқ. Жәйлап тұрып, жөніне кетті.
- Содан? Қашан өлді, әкең?
- Бір күні сорлы әкем... пенсия жоқ... Менде жұмыс жоқ... Бала-шаға ол қылқылдап... ақша жетпейді... Әкем, асыл әкем аз тамаққа ортақ болмайын деп, ... у ішіп алды...
- Аузынан ақ көбігі ағып, қатып қалған шығар. Иманды болсын. Артының қайырын берсін. У ішкен соң, тіл тартпай кетеді ғой!
- Сорлы әкем... у ішкен соң, ... арақты тастап кетті...
- Не-е?! Өлген жоқ па?!
- Өлген жоқ... қайта у денсаулығына көп пайдасын тигізді.
- Неге өлмейді ол?!
- Сіз неге менің әкемді өлтіргіңіз келіп отыр?
- Оу, енді... у ішті ғой... Біреулер арақтан ажал тауып жатқанда, сенің әкең жалмауыз ба?
- Енді, ажал тура келмеген шығар...
- Тура келмесе, турала. Асылып өлсін.
- Оны да көрді. Арқан үзіліп кетті. Қазір сапалы зат жоқ қой...
- Енді өлу керек қой ол енді?...
- Өлді ғой...
- Неден өлді?
- Айтып жатырмын ғой. Бір күні үйіміздегі газдың баллоны жарылып...
- Әкеңнің күлі көкке ұшты ма? Сүйегін таппай қалған шығарсың?

- Жоқ...
- Не? Айтпа! Өлді деші, өлді деші... Жарылған доп емес, газ ғой енді, ... өлді ғой?
- Жоқ...
- Айналайын жетісін, қырқын, асын өзім өткізіп берейін... өлді деші...
- Газ жарылғанда... әкем базарға кетіпті...
- Базарда несі бар оның, ойбай?! Тып-тыныш, жарылған үйде-е-е отырмай ма!?
- Үйде ақша жоқ... Бейшара әкем... кейде құмалақ ашып, кейде қайыр сұрап... базарда... ақша табатын...
- Құдай-ай! Ең болмаса бір өлетін аурумен ауырып, үйде жатпай ма? СПИД пе, инфарк па, гастрит, мастит пе, мерез бе... ауру көп қой ауырса...
- Ол байлардың ауыратын ауруы ғой. Кедейлерге тұмау да тимейді... Содан бір күні базарда бір бандиттердің разборкісінде атыс болып, әкемнің басынан атты ғой... Қайран әкем!
- Ух! Ақыры оқ тиді ме!
- Құлағын тесіп кетті. Өзі дін аман...
- А? Жүрегім... Сен қазір мені өлтіресің... Жүрегім...
- Аға не болды?
- ... Әкең өлді ме?
- Жоқ... Құлағы жазылған соң, паркте жүрген бір дөкейдің аюдай иті талап кетті әкемді...
- О! Сол иттің адресін берші... Ескерткіш орнатайын...
- Ол ит онсыз да жақсы тұрады. Талаған ит кінәлі емес, таланған әкем кінәлі болып... Әрең құтылдық... Қазір бала ойнайтын жерде ит ойнас жасайтын болыпты ғой...
- Әкең одан да аман қалды ма?!
- Ит талаған жерлері әрең жазылды... Үш айда орнынан тұрды...
- Болды! Тоқта! Дереу не мені өлтір, не әкеңді өлтір!
- Менің әкемде қандай өшіңіз бар?
- Оу енді, трамвай турап кетті, өлмеді. Мерс соқты, атылды, жарылды, асылды... Бесплатно, өзі келіп тұрған ажалға өле салмай. Кәрілердің қазір не өкіметке, не өзектен шыққан балаға керек болмай, өлуді аңсап жүргені көп. Сенің әкең тегін өлімнен бас тартып отыр ғой!

- Өлді ғой енді...
- Қашан?
- Бір күні көшеде бір жастар жеті жерінен пышақ салып кетіпті...
- Осы жолы точно өлді енді!
- Тірі қалды...
- А-а!... И-и-и! Ха-ха-ха! У-у-у! Мә-ө-ө! Мә-ө-ө! Мисеу! Ми-яу!
- Аға, сізге не болған?
- У-у-у, өлді ме? Әкең... неден өлді?
- Неден екенін білмеймін... Ұйықтап кеткен... содан оянбады... Сорлы әкем, ... тірі болса, бүгін 103-ке келетін еді... Осыдан бес жыл бұрын 98 жасында... өлді... Арманда кетті-ау!

## ҮЙЛЕНУ

*(Гогольдің осы аттас пьесасының желісімен)*

(Сахнада бойжеткен, жасы 40-тың ар жағы, телефонмен сөйлесіп тұр. Тілінің мүкісі болуы мүмкін).

*Бойжеткен:* Алло, Жанна, жаным менің. Қалай? Табылды ма? Не табылдымасы несі! Күйеу! Маған күйеу! Айтпап па едім! Онда айтты деп есепте. Өзің үш жылда бесеуін ауыстырдың. Маған да қарайлас, қызығын сен ғана көремісің? Ха-ха, қалжың ғой. Қандай? Бойы ұзын болсын. Тарбиған тәпелтек керек емес. Екі иығына екі арыстан мінгендей денелі болсын, шілмиген жіңішкені жаным сүймейді. Құшақтағанда құшағың толмаса, қабырғасын санайын ба? ... І-і... ”Ер мұрынды келеді”, мұрынды болсын; ойлы, саналы болсын, ептеп... өте ақылды керек емес, оқымысты болмасын... қалталы болсын. О! Бұл қазір өте керек. Үйі, машинасы дегендей. Жастау болсын... Жанна, жаным менің, ізде! Жұпаргүлге де айттым. “Біреулерді таптым, бүгін келеді деген”. Сен де қара... Бірі болмаса бірі запаста тұрады. Жанна, аха... Пока! Ух, күйеу іздеймін деп күйіктен күйрейтін шығармын.

(Жұпаргүл келді. Асығыс. Ентіге кіреді. Жасы бойжеткенмен шамалас, жылдам сөйлейді).

*Жұпаргүл:* Ух! Ах! Аруым, Алтыным, Аққуым, сен үшін жер әлемді жеті кездім. Шаршадым, шалдықтым, бірақ таптым!

*Бойжеткен:* Кімді таптың?

*Жұпаргүл:* Күйеу таптым!

*Бойжеткен:* Күйеу? Жас па?

*Жұпаргүл:* Орташа.

*Бойжеткен:* Бойы қандай?

*Жұпаргүл:* Стандарт!

*Бойжеткен:* Мұрны ше, мұрны?!

*Жұпаргүл:* Мұрыннан музей жасасаң да болады. Тура бес мұрын!

*Бойжеткен:* (Аң-таң) Бе-е-ес?! Адам ба?!

*Жұпаргүл:* Адам. Адам болғанда да анатомияда айтқандай аңнан, то есть, маймылдан азған адам. Біреу емес, бесеу! Қазір келіп те қалады.

*Бойжеткен:* Бесеу! Қазір! (Саса бастайды). Дайын емеспін ғой.

*Жұпаргүл:* Қорықпа, хор қызындай құлпырып тұрсың!

*Бойжеткен:* Енді қайттім. Бесеу! Күлейін бе, күңіренейін бе? Айтпақшы, кімдер өздері?

*Жұпаргүл:* О-о-о! Айғырдай азаматтар! Бірінші (бас бармақты көрсетіп) Жарболов Барбол – партократ, тарап кеткен парламенттің депутаты, қазір бизнесмен, 2 рет ажырасқан, жағдайы жақсы. Арманы французша білетін жар табу.

*Бойжеткен:* Французша? Мен орысшаның өзін оңдырмаймын.

*Жұпаргүл:* Шүрқ етпе. Мен сен үшін біраз французша жазып алдым, осыны жаттап ал. Міне, Сен кию, Мәрси, Ескиизмый, Ауфидрезейін, Гутбай, Гутен так, Пардон, Пасаж-Массаж (Бойжеткен ерні жыбырлап қайталай берді).

*Жұпаргүл:* Екінші (сұқ саусақ) Қорабай Малдыбаев. Есің болса осының етегінен ұста! Ауылда тұрады. Қора толы мал. Үй деген – стадион. Машина, трактор бәрі бар. Нағыз фермер. Үйленбеген. “Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық” деген қағиданы қайталай береді. Арманы – мал-жанның жөнін білетін, балалы болудан бас тартпайтын әйел.

*Бойжеткен:* Қораның қоңырсық нісін ұнатпаушы ем! Үйдегі мысықтан басқа жануарды жыға танымаймын!

*Жұпаргүл:* Оқа емес! Үйренесің. Үшінші (орган қол) Сұңғыла ибн Талап әл Талант! Ақын! Үстіне қыл жұқтырмайды. Мұнтаздай тап-таза, тақылдаған біреу. Қалтасына киім шеткасын, қонышына майлы шүберегін салып жүреді. Бұған шықсаң екі қолды жылы суға маласың. Бала табудан басқаның бәрін өзі істейді.

*Бойжеткен:* Оған әйелдің керегі не?

*Жұпаргүл:* Төртінші (аты жоқ қол) Интеллигент. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп, аяғының басына қараған біреу. Үш бөлмелі пәтері, дачасы, көне “Москвичі” бар. Көңіліңе жақпаса өзің біл, “Ойбай, әйел керек” деп жалынған соң тізімге қоса салғам. Аты-жөні: Қыздай Сызылғанов.

*Бойжеткен:* Бесінші ше? Бесінші кім?

*Жұпаргүл:* Бесінші (шынанақ) Е-е-е! Бұл ... енді... Үй десең үйі бар, особняк, мәшине десең мәшине, ақшасы да жетерлік, тек, асарын асаған, жасарын жасаған, төрінен көрі жақын 70-тен асқан біреу. Аты – Көпкөрген Көсемболғанов. Арманы, тізесін ысқылап, арқасын уқалап, жұлынын жұлмалап отыратын жайдары жан болса дейді.

*Бойжеткен:* Интеллигентіңе әрең шыдап отырсам. Мынауың не? Қу қақпас кімге керек?!

*Жұпаргүл:* Товарды таңдағанда тап басу үшін әр түрлісі керек. Таңдайыңа татымаса тастай саларсың. Ал енді дайындал.

*Бойжеткен:* Ойпырмай, іздегенім бір еркек еді, бесеуі бірдей келсе не істеймін? Не деймін?...

*Жұпаргүл:* Еркек көрмеп пе едің? Бес еркек сенен бесбармақ жасамайды. Сыпайы болып, сызылып отыр. Мінезінді тиіп алған соң көрсетесің. Оқымысты көріну үшін қолыңа бір кітап ал, қазір мода ғой құлағыңа әлгі шуылдақты тағып ал. Олар келіп амандасқанда езу тартып, жымыып, “Табиғат қандай тамаша!” деп қой. Арғы жағы өзі кете береді.

(Есік қағылады. Қоңырау ма?).

*Бойжеткен:* Келді. Құрыдым, бес... бес... бес еркек... Кеттім, киінейін (кетеді).

*Жұпаргүл:* Кіріңіз. Есік ашық (Жұпаргүл суреттегендей бес еркек бірінен соң бірі сахнаға шығады). Жайғаса

беріңіздер. Мен бойжеткенді ертіп келейін (Еркектер бір-біріне үрке қарап тұр. Қызғаныш пен күдік араласқан көз қарастар. Үнсіздікті ақын бұзады).

*Сұңғыла Ақын:* “О, махаббат, саусаң – сиыр, мінсең – ат, ішсең – тамақ, жатсаң – кровать” деп едім бір кезде. Шабытым кеп тұрғаны.

Тастан ұшқан кекілік,  
Тастан – тасқа секіріп.  
Кекілік қуған бес төбет,  
Кім қалар екен өкініп.

(Сөзді Барбол алады).

*Барбол:* Жалпы, мен әйелге аса зәру емеспін. Французша біле ме екен? Ол жағынан хабардарсыздар ма? Білмесе мен табанымды жалтырататын шығармын.

*Корабай:* “Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық”. Французша білу шарт емес. Мен шаруа адамымын. Мал-жанның жөнін білсе, үй шаруасына мығым болса...

*Ақын:* (Сөзді бөледі)

Трактор емес әйел деген,  
Емес те ол комбайн.  
Білуге де міндетті емес мал жайын,  
Әйел деген гүлдей нәзік предмет  
Сувенир қып ұстау керек,  
Жылтыратып маңдайын...

*Интеллигент:* Мырзалар! Кешіріңіздер мен өзі... қысылып тұрмын. Тез жет деген соң сасып... екі түрлі туфли киіп... алыппын... Өзі әйелдермен не жайлы сөйлескен дұрыс. Мен әдебиет, мәдениет жағынан жан салмаймын. Ал, техника, табиғат жайында болса мен сөз таба алмай қалам... Жалпы... егер мен кетіп қалсам ұят болмас па екен...

(Әңгімеге шал араласады).

*Шал:* Асықпаңыз, бірге қайтармыз. Сіздерге қарағанда менің үмітім аз. Кемпірден айырылды. Бала-шаға өз жөнімен кетті. Қара су ішсең де қақтығысып отыратын біреу керек. Тізеңді ысқылап, арқанды уқалап отыратын, жөні түзу біреу болса...

*Барбол:* Шынымен, мен тұрғанда ақын мен фермердің үміттенуі дұрыс шығар. Ал, ақсақал, сіз бен интеллигент бәсекеге бәс тікпегеніңіз жөн.

*Қорабай:* “Мен тұрғанда” деп шалқая берме, бизнесмен. Жаным малымның садағасы. Осы арада мүмкін менің ғана қалғаным дұрыс болар.

*Ақын:* Үрит-үрит, соқ-соқ. Бірің өліп, бірің қал.  
(Жеңгетай шығады).

*Жұпаргүл:* Бойжеткен келеді! Қарсы алыңыздар!  
(Демін ішіне тартып, ерні дірілдеп, құлақта наушник, қолда кітап. Жігіттер тізіліп тұр). Бойжеткен! Серілермен таныстырып қояйын! Барбол Жарболов! (Сыбырлап) Французша!

*Бойжеткен:* Сен кию, Мәрси, Ескиізмый, Ауфидрезейн, Гутбай, Гутен так, Пардон, Пассаж-Массаж. Табиғат қандай тамаша!

*Шал:* Массаж дей ме? Ол маған ұнайды.

*Барбол:* Бикеш! Сіздің французша білгеніңіз қандай жақсы болды. Маған соныңыз ұнайды. Францияда қайдан үйренгенін кім білсін, әйелдер түгел французша сөйлейді...

*Бойжеткен:* Өзіңіз французша білесіз бе?

*Барбол:* Жоқ...

*Бойжеткен:* Францияда болып па едіңіз?

*Барбол:* Жоқ. Кинодан көргем.

*Бойжеткен:* Ой, алдымен сонда болып, тарту-таралғыңызды алып келмедіңіз бе...

(Жұпаргүл ұят болды дегендей ымдайды)

*Жұпаргүл:* Қыздай Сызылғанов.

*Қыздай:* Мен. Мен... Кітап оқиды екенсіз ғой. Қандай?

*Бойжеткен:* М. С. Горбачев “Выступление и доклады”.

*Қыздай:* Мен әдебиет, мәдениет жайында жан салмаймын...

*Бойжеткен:* Сәлеметсіз бе? Табиғат қандай тамаша!

*Қыздай:* Мен – тындым!... Құрыдым!

*Бойжеткен:* (сыпайы) Құрдымға кетіп қалмаңыз.

*Жұпаргүл:* Қорабай Малдыбаев!

*Бойжеткен:* Табиғат қандай тамаша!

*Қорабай:* Дұрыс айтасыз, тамаша! Сол табиғаттың аясында “бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық –



он саулық” дегендей жүріп жатырмыз. Денсаулығым дұрыс, соның арқасында он саулық та, анықтап айтқанда, мал-жан, қора-қопсы дұрысталды. Енді үшінші байлыққа — “ақ жаулыққа” кезек келіп тұрғандай. Ақ жаулық болса жаялық, жөргектер де жөнге келер деген ойым бар. Бірақ, олар кейін. Қазіргі мәселе, мал-жан мәселесі. Соның қамын ойластырайық. Аллаға шүкір, мәшине бар. Сонымен ауылға аттанамыз. Ары қарай трактормен тырылдаймыз. Трактордың кабинасы екеуімізге тарлық қылады, сондықтан, осы қаладан алып баратын шәй-түз, үн-пүн, қант-көмпит, ауылдан малға деп алатын комбикорммен бірге өзінді тележкіге отырғызам. Асты-үстіңізге сабан төсеп...

*Бойжеткен:* Одан да қант-көмпитпен бірге қапқа сапып апармайсыз ба?

*Қорабай:* А? Ол жайында ойланбаппын...

*Бойжеткен:* Ойланыңыз. Және де мен неге үшінші байлық болам. Неге бірінші болмасқа. Оның үстіне мысықтан басқа мал-жанды танымаймын. Келесі кім?

*Жұпаргүл:* Сұңғыла ибн Талап әл Талант!

*Бойжеткен:* О-о-һ! Табиғат қандай тамаша!

*Сұңғыла ақын:*

Табиғат қандай тамаша!  
 Көз жүгіртіп қараса,  
 Отау тігіп сіз бен біз,  
 Кетер едік жараса.  
 Қолыма бақыт қонар ең,  
 Жоқтың орны толар ең.  
 Хрусталь мен фарфордың  
 Ортасына қоятын  
 Сувенирім болар ең!  
 Жаса десең жасайын бүгін тойды,  
 Бағалағын мендегі ақыл-ойды.  
 Тамақты өзім істеймін, кір де жуам,  
 Бала табу қолымнан келмей қойды.

*Бойжеткен:*

Ақындарды мен өзім тани бермен,  
 Танысам да мойнына қарғи бермен.  
 Әйел емес сувенир керек болса,

Қуыршақ сатып алыңыз, “Барби” деген.  
Хрусталь мен фарфорды жиып алғын,  
Ол аз болса әйелше киім алғын.  
Бала табу қолыңнан келмей жүрсе,  
Мына еркектің біріне тиіп алғын.

*Шал:* Бөрекелді! Жасадың!

*Жұпаргүл:* Көпкөрген Көсемболғанов!

*Бойжеткен:* Сәлеметсіз бе, ата! Табиғат қандай тамаша!

*Шал:* Тамаша! Табиғаттың тамашалығы сол, жастармен бірге еліртіп, өзіңе қарай телміртіп қойды ғой. Кемпірден кейін қалдық, ұл – ұяға, қыз – қияға қонды. Дәулетім сен тұрмақ сенен кейінгіге жетеді. Қаһарым жоқ... Дәуренім өтті, әурем көп. Жылы жүзбен қарасаң отырар ем “сәулем” деп. Тіземді ысқылап, белімді уқалап...

*Бойжеткен:*

Атажан, нас сұлудың арманы,  
Дұрыс еркек қалмады.  
Тағдырдың басқа салғаны,  
Қайтейін, мен өзінді таңдадым!

(Жұрт түгел аң-таң, шал талып қалған)

*Жұпаргүл:* Қаусаған шалдың қай жеріне қызықтың? Жас құрып қалды ма? Ақыл кірмеген бе өзіңе?

*Бойжеткен:* Ақылым орнында. Шалдың әуресі ұзаққа созылмас. Артында қалатын дәурені мен дәулеті ұзағынан болғай!

*Интеллигент:* (Шалды көрсетіп) Мына кісі біртүрлі... талып қалыпты.

*Ақын:* Жедел жәрдем! Тез! Жедел жәрдем шақырыңдар!

*Бойжеткен:* Жоқ. Шал өзімдікі. Не істеуді өзім білем. Алдымен ЗАГС-ке тарт. Жедел жәрдем күте тұрады.

## “ӘРИДАЙ”

Қатынасушылар:

1. Бай
2. Жас тоқал
3. Қонақ жігіт

(Ертеректегі уақыт болу керек, қанша ерте екенін кім білсін, әйтеуір Кеңес өкіметіне дейін. Шаршаған, азған жігіт келе жатыр. Түрі... Түр дейтін түр жоқ... ).

*Жігіт:* Ух! Темір етік теңгедей болды, темір таяқ тебендей болды! Жүріп келем... Бұл қазаққа не болған. Төрт-бес ауылға кез болдым. “Құдайы қонақпын!” деп азандасам да, ауызыма қара су тамызған бірі жоқ. “Құдайы қонақ тұрмақ, құдайдың өзін қолынан жетектеп келсең де аулақ жүр!” деп, соңыма ит қосып ауылдан куды. Әр ауылдың итіне таланып, сотқарынан сойыл жеп, жеткен жерім осы ауыл. “Құдайы қонаққа” құрық ала жүгіретін құтырғандар мұнда да бар шығар деп, жаңа айла, тәсіл ойлап келдім. Е, жаратқан жар бола көр! Оу, ауылдарына ақын келді, ақын! Арқада аты шыққан, Алатауды аузына қаратқан, азулы ақын мен болам! Уа, жамағат ақын келді, ақын!

(Ит үріп, қой маңырап, тауық шақырып шу болып кетеді. Арсаландап осы ауылдың байы, бетке ұстары, қаусанған бір шал шығады).

*Жігіт:* Уа, армысыз, айбатты да қайратты, арда емгенім!

*Бай:* Бар бол... Ақынмын дедің бе?

*Жігіт:* Ақынмын...

*Бай:* Ім... Болсаң боларсың... Түрің айтып түр... Үстіңнен бір үйір жылқы өткендей... Ақыннан аумай тұрсың... Домбыраң қайда?

*Жігіт:* Ойбай-оу, алты алашқа аты шыққан өзіңізді әнге қосып, мына Шүйке ауылында жырлап едім, сөзім аяққа тапталды, басым таяққа жығылды ғой, төрем.

*Бай:* Неліктен сонда?

*Жігіт:* Сіздің жомарт жүрегіңізді, дархан пейіліңізді жырлауым-ақ мұң екен “Есігінен екі адам бас сұқпаған, төріне төрт адам түнемеген, сараң байды неге мақтайсың” деп, соққыға жықты, домбыраны сындырды.

*Бай:* “Сараң” деп, мені айта ма, сонда?!

*Жігім:* Жағына жылан жұмыртқалап, тіліне теріскен шыққырлар, сізге “жақсы” деген сөзді қимай тұр ғой!

*Бай:* Апырай-ө?

*Жігім:* Тепкілеп жатса да, сізді мақтауымды тыйғам жоқ! “Уоу, жонымнан таспа тілсең де, жамандыққа қимаймын, етімнен ет кессең де, арамдыққа қимаймын”, – дедім еніреп... Сіз үшін не көрмедім...

*Бай:* Па! Ақынмын дедің, ө! Оу, кілем төсеңдер, қазан көтеріңдер, дастархан жайыңдар! Ауылға ақын келді!

*Жігім:* Әй, тез-тез дастархан жайыңдар! Ірімшік, күрт, майыңды, балқаймақ пен шайыңды әкел! Ауылдарыңа ақын келді!

(Кілем төселіп, дастархан жайылып жатыр. Дәм-тұзын көтеріп жас тоқал шығады. Оны көрген ақынның көзі жайнап, жұтынып, тамсанып қалады).

*Бай:* Ал, қонақ, төрлет! Мынау біздің ең кіші тоқал. Қосылғанымызға бір ай толған жоқ. Ыстығы әлі басылмаған. Хе-хе-хе...

*Жігім:* Апырым-ау, неткен қабақ, неткен көз, неткен мықын, неткен төс! Осындай айдай арудың, төрінен көрі жақын, алжыған қақпас...

*Бай:* Не!

*Жігім:* ... демей, арыстаным деп сізді тапқаны керемет қой!

*Бай:* Е-е-е... Иә!

*Жігім:* Мына саусақтарды қараңызшы! Туу, саусақтар-ай! Жас жігіттің білегін қысып ойнайтын саусақтар, қауқары жоқ қатып қалған белді сипалап, қалтыраған тізені уқалайтын саусақтар-ай!

*Бай:* А-а?

*Жігім:* Сіз ақылдың кенісіз ғой, байеке. Қауашағыңыз толған ми. Сол миды көтере алмай қалтылдап тұр ғой мына бас.

*Бай:* Хе-хе-хе...

*Жігім:* Апырмай, сіздің қадіріңізді біле ма екен, бұл сұлу?!

*Тоқал:* Е-е-х...

*Жігім:* Аруым-ау, қарашы, мына құдай қосқан қосағыңа!

Қарашы! Қалтаңдаған басына қарама, жанары сөнген ірің басқан көзіне қарама! Қалтыраған қолына, дірілдеген тізесіне қарама! Өлімсіреген түріне қарама! Өзіне қара!... Кімді көріп тұрсың?... Айғыр ғой, көкем менің!

*Бай:* Ехе...

*Тоқал:* Ах!

*Жігіт:* Адамзаттың төресі ғой, байекең! Ол сені өмір бойы алақанына салып аялап, еркелетіп күтеді. Мына жап-жас, мен сияқты оттай жанған жігіттер олай емес. Мысалы мен сенің беліңнен қапсыра құшақтаймын!

*Тоқал:* Ах!

*Жігіт:* Байекең сексеуілдің бұтағындай ербиген саусақтарымен тырмалайды! Мен сенің ақ тамағыңнан былай... былай... былай... сүйемін... Ал, байекең... өзінің қоңқиған, шуылдаған мұрнымен иіскеген болады... Сақалы денене тікенектей қадалады... Керемет қой!

*Бай:* Пай-пай-пай!

*Жігіт:* Көкем сені мен сияқты былай... былай... айма-лап, сипаламайды... Мен сияқты тізеңді кұшып, алдында отырмайды... Ол отыра алмайды, жатады... Жатса қатады... Қасында сен отырасың, аппақ тәнің жарқырап.

*Бай:* Пах-пах-пах!

*Жігіт:* Қарашы, көкеме, қарашы! Осындай қаусаған шалға қалай тигенсің?! Сұңқар ғой, көкем, сұңқар! “Шалға тиіп қор болып, төсек қызығын көрмедім!” деп айтпа! Жас жігіт көрсең қылмындап, емеуірін танытпа!

*Тоқал:* Ух!

*Жігіт:* Нар ғой, нар! Дәулетін айтсаңшы! Ертең өлетін болса да көзіне шөп салмашы. “Ойнамайсың, күлмейсің, жастық дәурен сүрмейсің, шалға тиген күнің құрысын!” деген бозбаланың азғыруына көнбе. Олар ақымақ! Ал, көкем данышпан! Дана!

*Бай:* Оһо...

*Тоқал:* Е-е-ех...

*Жігіт:* Тіпті бүгін түнде мен де қол жүгіртсем, қағып таста, көкем ұйықтап қалғанда анау қырдың астына шақырсам... келме! Қанша өмірі қалды дейсің...

*Тоқал:* Қайным-ау! Көкеңіздің қадірін білгендіктен стегінен ұстадық. Бойының оты өшкен, қаудырлаған қу сүйек... деуге аузым бармайды. Сіз сияқты бозбалалар ар-

бап, алдап, қызықтырып, құмарттырып тұрса да... өзімнің “тұлпарыма” жетпейді. Сіз бүгін түнде анау қырдың астына емес, сонау қалың талдың ішіне шақырыңызшы... бармаймын!

*Бай:* Ой, ақылыңнан сол!

*Жігіт:* Ғажап қой. Өзіңізден басқа біреу, жеңешемді былай, міне, құшақтаса қолын шабыңыз. Мына мен сияқты, ақ тамақтан иіскеп, аймалап сүйсе, аузына шоқ басыңыз! Мен сияқты... Біз сияқты құшақтары айқасып, айқасып,... балқып...

*Бай:* Оу-оу!

*Жігіт:* Дәл осылай істесе ат құйрығына сүйретіңіз! жеңешем көзіңізге шөп салмасыншы, бір шөкім де шөп салмасыншы...

*Бай:* Сабыр, сабыр... Жылама... салмайды... Жана естідің ғой өзің... Сабыр ет... Айтпақшы сен ақынмын деп едің ғой, ән салсаңшы.

*Жігіт:* Іһі... құрыған деген осе-е...

*Тоқал:* Иә, қайным ән салсаңшы. Мына домбыра саған тартуым болсын. Көкең де саған шапан жауып, ат мінгізем деп отыр...

*Бай:* Не?! Қашан айттым?

*Тоқал:* Көкең айтқанынан қайтпайды. Ерттеулі тұрған боз жорғаны мінгізгелі отыр. Қой десем, қоймайды. Бұл кісінің айтқанын екі етпейміз. Жомарт қой бұл кісі.

*Бай:* Ә... Иә... Ат сенікі... Мә мынау шапаның...

*Жігіт:* Рахмет, байеке! Көрдін бе, жеңеше, көкем кең ғой, кең! Аялашы, аялашы, сыйлашы осы мыжырайған, қаусаған, асыл көкемді!

*Бай:* Жарайды енді... Ән баста, қонақ! Ән!

*Жігіт:* Уау, Уа! Ал бастадым.

(Ән білмейтін әпенденің айтқан әнінің түрі мынау).

У-а-а-а, А-у-у-у, Е-е-е, А-е-е,

Ано-о-оу, күні бір таң атқанда, төсегімде-е-е, шырт ұйқыда жатыр ем,

Әкем келіп “тұр” деді, жата бердім,

Анам келіп “Тұр, ойбай, түс болды” деді,

Жата бердім,

Әкем келіп тағы да оятты, жата бердім,

Апам қайтадан келіп “Өліп қалмасаң түр, ойбай, атауыңды іш те малға бар” деді, уау мен жата бердім,

Ағам келіп оятты, жата бердім,  
Жеңгем келіп “түр” деді, жата бердім,  
Інім келіп “түр” деді, жата бердім,  
Келінім келіп “түр” деді жата бердім...

*Бай:* Тұрсаңшы енді!

*Жігіт:*

Уа-а-а, мақұл! Орнымнан тұрып жейдемді іздеп, таппадым,

Бас жағымнан қарадым, жейдем жоқ,  
Көрпенің астын қарадым, жейдем жоқ,  
Аяқ жақтан қарадым жейдем жоқ... ах-о-оу...

*Тоқал:* Керегеде ілулі тұрған шығар...

*Жігіт:* Ах-о-оу, әридай, керегеде де жоқ, ахау, жейдем қайда?

*Бай:* Төсектің астын қара...

*Жігіт:* Рахмет, көке таптым. Ах-оу, әридай, енді шалбарымды іздедім, шалбарым жоқ.

*Тоқал:* Сандықтың астында...

*Жігіт:* Оны қайдан білесе-е-ең-о-ой!

*Бай:* Қайдан білесің, а-а-а?

*Тоқал:* Солай шығар деп ойлап ем...

*Жігіт:* Оу, әридай, шалбар табылып, шылғау жоқ, ахоу...

*Бай:* Ит көтеріп кеткен ғой. Менікін үнемі ит көтеріп кетеді.

*Жігіт:* Әридай-оу, дұрыс айтасыз байеке. Ит тістеп алып безіп барады, тұра құдым... Қуып келем, қуып келем, жеткізбейді... Қырға қарай қашады, қуып келем... Оңға қарай қашады, қуып келем... ..

Қуып келем...

*Бай мен Тоқал:* Алдынан шық... Тас лақтыр... Құрық таста...

Әй, әй... тоқта! Бұл итің бүгін жеткізбес... Дем ал кішкене... Тамақ ішіп әлденіп ал...

*Жігіт:* Рахмет, байеке. Пейіліңе ризамын. Жеңеше мен жейтінді дорбама сала салыңыз. Мен жүрейін...

*Тоқал:* Қайда?

*Бай:* Әй, қонақ жатып кетпедің бе?

*Жігіт:* Байеке, қонбаймын. Қондырмаңыз мені! Мынандай сұлу жеңгеміз бар жерге мені қондырмаңыз. Қуыңыз мені. Берген атыңызды мініп жүре берейін. Сенбеңіз маған... Сұлуы бар үйге жас жігіт қонса қауіпті, мен сенімсізбін. Жүре берейін. Қимай тұрғаныңызды түсінем, көке...

*Бай:* Апырай-ә... Мақұл... Атың даяр...

*Жігіт:* Арғы жағын айтпаңыз. Жо-жо-жоқ! Жеңгем шығарып салмай-ақ қойсын...

*Тоқал:* А-а? Ә... Иә... Маған шығарып сал деп...

*Жігіт:* Әй, менің дархан, көкем-ай! Жеңгем атына мініп мені көрші ауылға, сон-о-оу көрші ауылға дейін шығарып салсын деп тұрсыз ба?

*Бай:* Е-е... енді...

*Тоқал:* Тілін алмасам сабайды...

*Жігіт:* Айттым ғой, әне! Ақкөңіл дедім, көкемді. Соған жұрт сенбейді. Жеңеше тілін алмасаңыз, өкпелеп қалады ғой. Жақсы адамның көңілін қалай қалдырасыз. Өкпелейін деп тұрсыз -ау көке.

*Бай:* Өкпелегенде...

*Тоқал:* Тіліңізді алмай-ақ қояйыншы...

*Жігіт:* Ойбай-ау, арыстай азаматының тілін алмайтын әйел бола ма? Тілін алмай көр, қамшыға жармасады...

*Бай:* Қамшы қайда!

*Жігіт:* Әне, әне! Білгем осыны! Әй, данышпаным-ай! Асыл ғой, бұл кісі! Үндемей-ақ кете беретін едім... Жап-жас әйеліне қонақты шығарып сал деп жер тепкілеп тұрғанын қарашы.

*Бай:* Шығарып сал!

*Жігіт:* Атыңа мін, жеңеше, енді кідірсек екеумізді де сабайды! Кеттім, байеке... Дұрыс, көке, әйелді бастан... Бұларға қатал болу керек, басынып кетеді...

*Бай:* Иі... Әй, бол, шығарып сал!

*Жігіт:* Кеттік, көке! Жеңешем келер, келмес... бірақ сіз бар болыңызшы... Асқар тауым! Сұңқарым! Қимаймын! (Тоқал мен Жігіт зытады).

*Бай:* Осынша жасқа келіп, қатынға тіл алғызбасам кім болғаным!? Хе-хе-хе, өзі бір тәуір неме екен... Аты-жөнін сұрамаппын ғой..."Жеңешем келер, келмес бірақ сіз бар